

## Жоғары білім беретін оқу орындарын, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне жастар тағылымдамасын ұйымдастыру туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы N 237 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 5 маусымда N 14-2-73 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 16 ақпандағы N 42 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2011.02.16 N 42 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңы, "Мемлекеттік басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан-жанару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 12 наурыздағы Жарлығына, "Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына жасаған Жолдауын (Жол картасын) Оңтүстік Қазақстан облысында жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы N 79 қаулысына сәйкес және жұмыспен қамтуда жәрдем көрсету іс-шараларын кеңейту мақсатында Арыс қаласы әкімдігі

### **ҚАУЛЫ**

### **Е Т Е Д І :**

1. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында (әрі қарай-Жұмыс беруші) жоғары білім беретін оқу орындарын, колледж және кәсіптік лицейлердің бітірушілеріне оқуды бітірген, жұмыспен қамтылған (әрі қарай-Бітіруші) жастар тағлымдамасын ұйымдастыру және өткізу ді.

2. Бітірушілер үшін жастар тағлымдамасын ұйымдастыру келесі шарттарды ескере өткізу ді:

1) оқу орындарын бітіріп жұмысқа орналаспаған бітірушілердің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде (әрі қарай – Уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркеуді;

2) бітірушілердің алған мамандықтары бойынша еңбек өтілінің болмауы.

3. Уәкілетті орган:

1) келешекте одан әрі даму және өндірісін кеңейту перспективасы бар және бітірушілер үшін жастар тағлымдамасында әлеуетті жұмыс беруші бола алатындар жайында ақпарат жинау жұмыстарын іске асырады;

2) жұмыс берушінің кадрлық сұраныстары негізінде, жастар тағлымдамасына қатысу үшін жұмыссыз бітірушілер арасында талдау жұмыстарын жүргізеді;

3) жұмыссыз бітірушіге жастар тағлымдамасына қатысу үшін жолдама береді ;

4) оқу орындарын бітірген жұмыссыз бітірушілерге жастар тағлымдамасы аясында жұмыс орындарын беруге ықыласты Жұмыс берушімен келісім шарт ж а с а й д ы .

Келісім-шартта Жұмыс беруші мен Уәкілетті органның құқықтары мен жауапкершілігі, жұмысқа қабылданып жатқан жұмыссыз Бітірушілердің саны, жастар тағлымдамасы аясында Жұмыс берушінің ұйымдастырған мамандықтарының тізімі ескеріледі.

Келісім-шарт 6 айға дейін жасалады.

4. Жұмыс беруші :

1) жастар тағлымдамасына өту үшін Уәкілетті орган жолдап отырған Бітірушімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын ж а с а й д ы ;

2) жастар тағлымдамасы аясында әр бір жұмыс орында қауіпсіздік жағдайы жасалуын қамтамасыз етеді;

3) жастар тағлымдамасына қатысушылардың жұмыс уақытына есеп жүргізу табелін және актін жүргізіп, әр айдың 25-не дейін Уәкілетті органға өткізеді;

4) жастар тағлымдамасына жолданған Бітірушіні тағлымдаманың мерзімі біткенше, өз құзырымен тұрақты жұмысқа қабылдап алуға құқығы бар;

5) еңбек шартының мерзімі өткендігі немесе Бітірушіні тұрақты жұмысқа қабылданғандығы жайлы Уәкілетті органды хабардар етеді;

6) еңбек шартының мерзімі өткеннен кейін жұмыссызға жастар тағлымдамасына қатысу туралы пікір (ұсыным хат) береді.

5. Уәкілетті орган Жұмыс берушімен түзген келісім-шартты, Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес келген жағдайларда бұзуына құқығы б а р .

6. Жастар тағлымдамасын өткізу жөніндегі іс-шаралар бюджет қаржысы есебінен қаржыландырылады.

7. Жастар тағылымдамасына қатысушылардың ай сайын нақты жұмыс атқарған уақыты үшін ағымдағы нысаналы трансфертерден аударылатын орташа айлық аударымдар мөлшерін міндепті зейнетакы журналары мен жеке табыс салығын" қоса алғанда, жұмысқа орналастырылатын жоспарлы саны мен қатысу мерзімін ескере отырып, Уәкілетті органмен төленеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2010.06.10 N 289 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қ а р а ң ы з )** **Қ а у л ы с ы м е н .**

Жастар тағлымдамасына қатысушылардың еңбек ақысы Бітірушінің есеп шотына аудару арқылы жүргізіледі.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары  
С. Сұлтановқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі міндетін атқаруышы

*K. Сыдықов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК